

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 17 қыркүйек 2026 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ «Павлодар – ПМХЗ» мұнай құбырының жаңадан салынған учаскесін іске қосты

«ҚазТрансОйл» АҚ мұнайды «Павлодар» бас мұнай айдау станциясынан «Павлодар мұнай-химия зауытына» (ПМХЗ) сенімді тасымалдауды қамтамасыз ету мақсатында ұзындығы 580 метр жаңа құбыр учаскесін салып, оны қолданыстағы мұнай құбырына қосты. Жаңа учаскенің іске қосылуы ПМХЗ-ға мұнай жеткізудің сенімділігін арттыруға, кәсіпорынды одан әрі өңдеу және мұнай өнімдерін өндіру үшін шикізатпен тұрақты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жаңа учаскені мұнай құбырына қосу жұмыстарын «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Павлодар және Қарағанды мұнай құбыры басқармаларының 75 қызметкері орындады. Жұмыстарға 28 бірлік автомобиль және арнайы техника тартылды.

Отандық өндірісті қолдау мақсатында құрылыс барысында қазақстандық «Qarmet Tubular Products Aktau» ЖШС-нің құбырлары пайдаланылды. Диаметрі 820 мм, қабырғасының қалыңдығы 12 мм болатын құбыр өнімдері қорғаныш футлярда орналастырылған және сыртқы әсерлерден қосымша қорғауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ мұнай құбыры учаскесінің пайдалану мерзімін ұзартуға мүмкіндік беретін үш қабатты полиэтиленнен жасалған күшейтілген типтегі зауыттық сыртқы жабынмен қапталған.

Диаметрі 820 мм болатын «Павлодар – Павлодар мұнай-химия зауыты» магистральдық мұнай құбыры 1977 жылы пайдалануға берілген. Жүргізілген жаңғырту отандық мұнай өңдеу зауытына мұнай тасымалдау кезінде «ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік инфрақұрылымының сенімділігін арттырып, тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбырлары бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,2 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие, ұзындығы 5 мың км астам өзге ұйымдардың құбырларына қызмет көрсету бойынша операторлық қызметтер көрсетеді.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар басқармасы**